

Үйде оқитын мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 42 қаулысы. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 ақпанда № 1-6-165 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 213 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2012.06.14 № 213 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)
қ а у л ы с ы м е н

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Занының 11 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Астрахан аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Үйде оқитын мүгедек-балаларға, тоқсан сайын әр мүгедек-балаға алты ай есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету.

2. Материалдық қамтамасыздандыру төлемдерін тоқтатуға әсер еткен жағдайлар пайда болған кезде (мектепті аяқтауы, мүгедек баланың 18 жасқа жеткені, мүгедек-баланың қайтыс болуы, мүгедектігінің алынуы, тұрғылықты жері өзгеруі, үйде оқытуға қажеттілігінің жоқтығы туралы психико-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысының болуы) тиісті жағдайлар түсken күннен бастап төлем тоқтатылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің орынбасары **М.К.Кожахметке** жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданының әкімі
«КЕЛІСІЛГЕН»*

P.Әкімов

*«Астрахан ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Л.Забудько*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК